

Жүніс Қ.Ә., Ашинова Ж.Е.

Орталық Азия түркі тілдес республикаларының экономикалық қарым-қатынастарындағы кейбір мәселелер

Түркі тілдес республикалардың экономикалық қарым-қатынастарының негізін алсақ, бір-біріне қарама-қайшы, әртүрлі экономикалық үлгілері мен стратегиялары алдыңғы қатарға шығады. Орталық Азияда интеграциялық үдерістердің дамуына күрделі кедергілер бар: сауда, көлік салаларындағы бақталастық, газға қатысты дау-дамай сияқты мәселелер аймақтағы елдердің өзара ынтымақтасуын тежейтін қайшылықтардың болғанын айғақтайды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, түркі интеграциясы, ШЫҰ, мәселелер, көші-қон, трансшекаралық өзендер, кедендік одақ.

Zhunys K.A., Ashinova J.E.

On some problems in economic relations between the Turkic-speaking Central Asian republics

Despite the institutional problems of Central Asia is one of the fastest growing regions in the world economy. The rich presence of natural energy resources and cheap labor could contribute to the future prosperity of the region.

If you look at the basis of economic relations between the Turkic republics, something immediately apparent different economic model and strategy, sometimes sharply contrary to each other.

Key words: Central Asia, Turkic integration, the problems, SCO, immigration, cross-border rivers, the customs union.

Жунис К.Ә., Ашинова Ж.Е.

О некоторых проблемах в экономических взаимоотношениях тюркоязычных республик Центральной Азии

Несмотря на все институциональные проблемы, Центральная Азия считается одним из наиболее динамично развивающихся регионов в мировой экономике. Богатое наличие природных энергетических ресурсов и дешевой рабочей силы вполне может способствовать будущему процветанию региона. Если взглянуть на основу экономических отношений между тюркскими республиками, то сразу бросаются в глаза разные экономические модели и стратегии, порою резко противоречащие друг другу.

Ключевые слова: Центральная Азия, тюркская интеграция, проблемы, ШОС, миграция, трансграничные реки, Таможенный союз.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
ТҮРКІ ТІЛДЕС
РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА-
РЫНДАҒЫ KEЙБІР
МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазіргі Орталық Азия әлемнің ең бір келешегі бар геосаяси аймағына айналды. Себебі, мұнда саяси ықпал етудің мүмкіндігі, маңызды ресурстық потенциалдың болуы, әртүрлі аспектілерімен қауіпсіздік мәселелердің мүдделері шоғырланған. Орталық Азияда интеграциялық үдерістердің дамуына күрделі кедергілер бар: сауда, көлік салаларындағы бақталастық, газға қатысты дау-дамай сияқты мәселелер аймақтағы елдердің өзара ынтымақтасуын тежейтін қайшылықтардың болғанын айғақтайды. Бұл қақтығыстар мен келіспеушіліктер Орталық Азияның біртұтас организм еместігін көрсетеді.

Аймақтағы негізгі проблемаларға экстремизм, заңсыз жұмыс миграциясы, есірткі трафигі, су-энергетикалық проблемалар – бұларға қарсы тұру үшін аймақтық елдер бірігуге мәжбүр. Бүгінгі таңда есірткі бизнесі экстремизм мен терроризмнің дамуына өз тұрғысынан әсерін тигізуде. Ауғанстанмен көршілес болғандықтан Өзбекстан әлемдік есірткі трафигінің эпицентрінде тұруы сөзсіз. Аймақтағы тағы бір үлкен мәселелердің бірі миграция – көші-қон. Халықаралық көші-қон ұйымының есебі бойынша (ХКҰ) Орталық Азияда соңғы 15 жылда миграциялық көріністер түбегейлі өзгерген. Мұның бірнеше себептері бар. Оларға: кедейлік, жұмыссыздық пен халықтың көп бөлігінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендігі, билік органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандығына қол сұғуы, сана-сезімнің маргинализациясы жатады [1].

Фридрих Эберт атындағы Орталық Азия мен Кавказ жөніндегі қордың үйлестірушісі Винфрид Шнайдер-Детерс Орталық Азия елдері екі сала бойынша ынтымақтастық жасауы қажет деген. Оларға экономика мен қауіпсіздік жатады. Сарапшының пікірінше, аймақтағы мемлекеттер ортақ Еуропалық Одақтың экономикадан туындағанын ескеруге тиісті.

Өзбекстандағы ЮНЕСКО өкілі Майкл Барри Лейннің айтуынша, аймақты ортақ түсінік, ортақ тіл, ортақ тарихи-мәдени өмір, ортақ сауда жолдары біріктіреді. Тәуелсіздік бұл елдерге экономикалық қалпына келу мен тарихи байланыстарды қайта орнату арқылы аймақтық интеграция мен ынтымақтасу үшін үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Халықаралық интеграция еркін сауда аумағы - кедендік одақ - экономикалық және валюталық одақ сияқты негізгі кезеңдер-

ден өтеді. Аймақ интеграциялық үдерістерді жеделдетіп, ортақ нарықтың тезірек құрылуына мүдделі. Орталық Азияда ортақ нарық пен ортақ валютаның болғаны дұрыс. Мемлекеттердің аймақтық келісімдер арқылы бірігуі олардың тиімді дамуына және қазіргі қауіп-қатерлерге бірге төтеп беруіне жағдай жасайды. Аймақта шешімін таппаған көптеген өзекті проблемалардың болуы Орта Азия мемлекеттерін бірлікке және ынтымаққа итермелеуі тиіс [2].

Қауіпсіздік мәселесіндегі кейбір қайшылықтарды санамағанда, аймақтық елдердің қауіп-қатерлерге қатысты ұстанымдары бір-біріне сәйкес келеді. Ресей мамандарының айтуынша, аймақтық экономикалардың әртүрлі одақтарға қатысуы ерекше мәнге ие мәселе.

Ресей Орталық Азияны Қытайға бермеуге тырысуда. Себебі, Орталық Азия екі жақ үшін де нарық және мүдде аймағы. Ғаламданудың әсерімен Орталық Азия елдері алпауыт елдердің қаржылық және технологиялық мүмкіндіктерін пайдаланып, дүниежүзілік шаруашылыққа қол жеткізуде.

Орталық Азия қауымдастығы 1994 жылы Ортақ экономикалық кеңістікті құру жөніндегі келісім арқылы құрылып, онда бірқатар маңызды үкіметаралық құжаттар қабылданды. Бұл құжаттарға жеке тұлғалардың шекарадан өтуі мен жұмыс күшінің әкелінуінің шарттары жеңілдетілді, көші-қон, денсаулық сақтау, ғылыми-техникалық ақпарат, сейсмология, төтенше жағдайлармен күрес мәселелері енді. Сырдария өзенінің су-энергетикалық ресурстарының тиімді пайдаланылуы, энергожүйелер мен су-энергетикалық консорциум туралы келісілді.

Қырғызстанда болған саяси астары бар қақтығыстар күллі аймақтағы жағдайға тікелей әсер етті. Оның үстіне Өзбекстанның «екі стандарт саясаты» да «отқа май құйғандай» болды. Кейбір мамандардың айтуынша, Өзбекстанның өзі «керітартпа саясат» ұстанып отыр: аймақтағы шиеленістердің көбісі өзбек жағының «қырсық мінезінен» туындап отыр. Десек те, соңғы бес жылда Өзбекстанның өзінде халықтың ішкі қарсылығының өскендігі байқалады. Өзбек халқының демографиялық өсім нәтижесінде жергілікті экономика, ауылдық аймақтардағы халықты тұрақты жұмыс пен жеткілікті жалақымен қамтамасыз ете алмайды.

Қырғызстан мен Өзбекстан соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық және саяси салмағын мойындап, аймақтық интеграция аясындағы бастамаларын мақұлдай бастады. *Бұларға қарсы салмақ ретінде*, Өзбекстан соңғы кезде Түркі-

менстанмен жақындаса бастады. *Екі мемлекет* Қырғызстан мен Тәжікстанға қарсы ұстанымда. Алайда, Өзбекстан газ, газ өндірісі мен тасымалы салаларында Түркіменстанның өзіне бәсекелес болып тұр. Іс жүзінде Өзбекстан мен Түркіменстан бейресми блок құрып отыр және суды пайдалану мәселесінде ұстанымдарын бір-бірімен сәйкестендіруде. И.Каримовтың пікірінше, су мәселесін шешу үшін Қырғызстан мен Тәжікстанның қатысуы міндетті емес. Ислам Каримов ешқандай мемлекеттің, тіпті Ресейдің де Орталық Азияның ішкі су-энергетикалық мәселесіне араласа алмайтынын ашық білдірді [3].

Екінші жағынан, Ресей Қырғызстанның энергетикасына ықпал ете алады. Осы арқылы Ресей, Өзбекстан мен Қазақстанның оңтүстігіне түсетін суды қадағалай алады. Мәселе саяси мүддеде жатыр. Ресей И.Каримовтың мәлімдемесіне қарамастан, аймақтың су мәселесіне де араласа алатынын білдірді.

Өзбекстан мен Қырғызстан арасында су ресурстарына қатысты туындаған күрделі проблема Ош пен Джалалабад қақтығысының салдарынан тіпті «ушығып» кетті. Бұл қақтығыстың туындауына су дауының ықпалы өз әсерін тигізуі мүмкін. Ресей Қырғызстанмен жақындасу арқылы Өзбекстанға теріс көзқарасын танытуда.

Ташкенттің шекаралық мәселелерді шешудегі бірбеткейлігі Қырғызстан мен Тәжікстанды ойландырып тастады. Бұл жағдай Өзбекстанның аймақтық көшбасшылыққа жету жобасын жүзеге асыруын қиындатып жіберді. Қырғызстанға мәдени және этникалық тұрғыдан, Қазақстанмен ынтымақтасу тиімдірек.

Орталық Азиядағы қырғыздар мен түркімендер де Өзбекстанның өктем саясатына наразы. Интеграция идеясы Тәжікстанның үлкен қызығушылығын тудыра қойған жоқ. Қазақстанмен немесе Иранмен бірігу Душанбе үшін анағұрлым қызықтырақ. Тәжікстан мен Қырғызстанның Қазақстанды серіктес ретінде таңдауы оның мәдени ұстанымы мен экономикалық жетістіктеріне тікелей байланысты еді. Осыған байланысты, Өзбекстан Қазақстанға айып тағуда.

Сарапшылардың бірқатары Орталық Азияда тиімді интеграциялық құрылымдардың қалыптасу мүмкіндігін жоққа шығарады. Интеграцияның алдында тұрған ең басты кедергісі аймақтағы елдердің геосаяси тәуелділігінде.

Сарапшы Саймуддин Дустовтың пікірінше, Орталық Азиядағы кез келген интеграциялық үдерістер толық қолдау таппайды. Оның ойынша, алдағы 15-20 жылда Орталық Азияда ешқандай құрылымдық өзгерістер орын алмайды.

Әзірше, аймақтағы мемлекетаралық қатынастарда туындайтын проблемалар көбінесе Өзбекстанмен байланысты болып тұр.

2008 жылы И.Каримовтың ҰҚКҰ мен ЕурАзЭО ұйымдарын біріктіру туралы ұсынысы қолдау таппаған соң, Өзбекстан соңғысының құрамынан шығады. 2009 жылдың күзінде Өзбекстан біржақты түрде Орталық Азия энергетикалық жүйесінен шығатындығын жариялады. Орталық Азияның интеграциясына күмәнмен қарайтын саясаттанушылар Қазақстанда да жетерлік. Бүгінгі таңда Қазақстан өзіне тілдік және мәдени жақын Қырғызстанға ықпал жүргізумен шектеліп отыр.

Десек те, Өзбекстан Қырғызстан мен Тәжікстанмен арадағы күрделі қатынастарды жалғастыруда. Ташкент Қазақстанның артында Ресейдің тұрғанын біледі. Сондықтан, Ташкент көбінесе Батысқа және Азия-Тынық мұхиты аймағына бет бұрады [4].

Өзбекстан ғаламдық экономикалық жүйеге толық еніп, өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін дүниежүзілік саясат пен экономиканың басты өзгерістері мен бағыттарын анықтап, оларға бейімделуі тиіс. Өзбекстан үшін бұл мәселені ең аз шығынмен шешудің бірден бір жолы аймақтық интеграция болып отыр.

Ғаламдық бәсекелестіктің осындай қиындықтарына төтеп беру үшін Өзбекстан экономикалық мақсатта аймақтағы көршілес елдермен бірігуге мәжбүр. Орталық Азияның экономикалық ынтымақтасуы – «жаһандануға аймақтық ынтымақтасу арқылы енуді» білдіреді.

Өзбекстан Республикасы – бұл халықаралық қатынастарда өз-өзіне сенімді, белсенді мемлекеттік құрылым. Бірақ, елдің экономикалық тұралауының созылыңқы сипаты, көршілес жатқан елдердің өзбек басшылығының ұстанымдарының өзгермелілігінен қажуы, аймақтан тыс ірі халықаралық державалардың, мүдделі және белсенді құрылымдардың бақталастығы (Ресей, АҚШ, Қытай, Еуропа Одағы), ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың қарама-қайшылықта дамуы елдің сыртқы саяси бағытына айтарлықтай өз салқынын тигізді. Өзбекстанның И. Каримов бастаған саяси басшылығы Ресейдің қамқорлығындағы ҰҚКҰ, ЕурАзЭО, ШЫҰ сияқты аймақтық және халықаралық ұйымдарға біресе мүше болады, біресе олардан шығып, Ресейге қарсы батыстық бағыты ұстанып келді [5].

Ташкенттің қазіргі сыртқы саясаттағы басты ерекшелігі оның өзгермелі саясат негізінде.

Алайда, оның саяси мүдделері тұрақты. Өзбекстан ОА аймағында көшбасшы болуды көздейді.

Экономикалық интеграцияның іске асуына алып келетін сауда-экономикалық байланыстарды күшейтпей, аймақтың экономикасын дамыту жөнінде нақты іс жүзіндегі жобаларды қолға алмай, Орталық Азия елдері әсіресе сыртқы тұрақсыздық факторларынан және қауіп-қатерлерден құтыла алмайды. Орталық Азияда шынайы саяси-экономикалық ықпалдасуды қамтамасыз ету үшін алдымен аймақтық көшбасшылардың жеке келісімі мен татуластығын қамтамасыз ету қажет.

Орталық Азияда ортақ экономикалық кеңістік құру идеясы екінші жоспарға ысырылды. Оның орнына ЕурАзЭО-тың рөлі артты. Өзбекстанның бұл ұйымға деген көзқарасы тұрақты емес.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, ОА мемлекеттерінің аймақтық интеграциялық ынтымақтастығы келесі үш түрде дамуы мүмкін: 1) жәй қарқынмен дамуы; 2) қауымдастықтың бірте-бірте бәсеңдеп, ыдырауы; 3) интеграцияның келесі жоғарғы деңгейге көтерілуі [6].

2010 жылы Қырғызстанның Ош және Джалалабад қалаларында болған қанды қақтығыс өзбек-қырғыз қатынастарын біраз уақытқа артқа шегеріп тастағаны белгілі. Орта мерзімді келешекте аталмыш елдердің билеушілерінің ауысуымен екі жақ ортақ келісімге келуі мүмкін. Сарапшылардың пікірінше, осы аймақтағы елдер экономикалық реформалар, кедендік-тарифтік және салықтық заңнамалар, сауда-экономикалық қатынастарға қатысты келісілген жүйелі саясат жүргізуі қажет [7].

Әзірше бірқатары қағаз күйінде тұрған бұл жобалардың бірсыпырасы мыналар: әртүрлі деңгейдегі инвестициялық бағдарламалар, аймақтық транзиттік-көліктік әлеуетін пайдалану, магистралды мұнай-газ құбырларын салу.

АҚШ пен Ресей Орталық Азияны жауапкершілік аймақтарға бөліп, прагматикалық ынтымақтастыққа көшті. Бұл жағдайда Қытайдың аймақтағы ықпалы күшейіп келеді. АҚШ Ресейдің аймақтағы ықпалын шектей келіп, орыстардың Орталық Азияға келуіне кедергі болмайды. Вашингтон Москваны аймақтық геосаясаттағы көмекшісі ретінде қарастырады. Яғни, АҚШ Ресеймен бірігіп, аймақтағы Қытайдың ықпалына қарсы тұруды көздейді. Себебі, Қытай Орталық Азияда өктем саясат жүргізіп, өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық тетіктерді пайдаланады. Көз алдымызда Қытай Орталық Азияның экономикалары үшін ең ірі инвесторлардың біріне айналды.

Бұл себептердің барлығы аймақтың ішкі интеграциялық әлеуетінің төмендігін көрсетеді. Аймақтағы экономикалық кеңістік жай қалыптасуда. Бұған қоса, өткен жылдарда кедендік, салықтық саясатты біріздендіру бағытында маңдайды ештеме жасалынбады. Энергетикалық және шикізаттық ресурстарды экспорттауда ортақ мүдделерді қорғау концепциясы мен жоспарының жоқтығы, өндірістік бәсекелестік туралы шаралардың жоқтығы, су, энергетика, газ, көлік кешендерін пайдалануға қатысты мәселелердің шешілмеуі, мәдени-ғылыми байланыстардың әлсіреуі, экономикаларды реформалау мен қайта құрылымдаудың қажетті стратегиясының жоқтығы аймақтық деңгейдегі ынтымақтастыққа айтарлықтай кедергі келтірді.

Экспорт саясатында келіспеушіліктердің болуы, экономикалардың реформалануының әртүрлі қарқынмен дамуы, біржақты шешімдердің қабылдануы да интеграцияға кедергі болды. Мысалы, Қазақстан 90-шы жылдардың аяғында аймақтық сауданы тарифтік және тарифтік емес реттеуді қолға алды. Қырғызстан су-энергетикалық ресурстарды пайдалануға шектеу және тыйым салу шараларына кірісті. Өзбекстан оқшаулану саясатын жүргізіп, ТМД-дан тыс елдерге бағыт алды. Түркіменстан ортақ жобаларға қатысудан мүлдем бас тартты.

Орталық Азияның трансшекаралық өзендері осы аймақтың қазірге дейін мән берілмей келген ең күрделі мәселелерінің бірін құрайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Орталық Азия елдері толығымен экономикалық және институционалды мәселелермен шұғылданғандықтан, ол уақытта ешкім су ресурстары мәселелерінің (энергетика саласы сияқты) аймақтық және трансшекаралық дағдарыстарды тудыра алатындығына сенбеді. Расында, су дегеніміз аймақ үшін өзекті де күрделі мәселе, сонымен қатар, шектеулі әрі орны толмайтын қор. Су – экономикалық маңызы бар стратегиялық қор. Су ресурстары үшін дүние жүзінде күрделі қақтығыстар мен түрлі тартыстардың болуы да өз алдына шындық. Адам баласы алтын, мұнай және табиғи газ сияқты ресурстарсыз өмір сүре алады, бірақ, сусыз 4-5 күннен артық өмір сүре алмайды [8].

Орталық Азия табиғи-географиялық тұрғыдан Еуразия құрлығының ең үлкен әрі таза су ресурстарына ие. Мысалы, Памир, Алатау, Алтай таулары, Амудария, Сырдария, Ертіс, Орал, Іле, Талас өзендері және т.б. Бірақ, сонымен қатар, Орталық Азияда халық санының жылдам өсуімен бірге, кедейлік пен әлеуметтік теңсіздік деңгейі де артуда. Бұл факторлар аймақтың су қа-

тынастарына да кері әсерін тигізуде. Аймақтың су ресурстарының 90 % пайызы суару және ауылшаруашылығы мақсатында қолданылады. Су ресурстарының дұрыс игерілмеуі аталмыш аймақта күрделі теңсіздік пен еларалық шиеленістерге себеп болып келді [8]. Өкінішке қарай, Совет үкіметі тарапынан Орталық Азияда жоспарланған ірі ауылшаруашылық жобаларды орындау барысында аймақтағы экожүйенің табиғи мүмкіндіктері есепке алынбады. Осы саясаттың нәтижесінде, Орталық Азия топырағының жартысынан астамы шөлге айналды. Мысалы, Қазақстандағы 179,9 млн гектардың немесе ел аумағының 66% пайызы шөлге айналған. Арал дағдарысы немесе апаты да осындай келеңсіз саясаттың тікелей нәтижесі. Совет үкіметі құнарлылығы мен өнімділігі түрлі аграрлық аймақтарға бірдей тәсіл қолданды.

КСРО тарағаннан кейін Орталық Азия республикалары аймақтағы жер мен ресурстарды бөлісе бастады. Алайда, өзен мен су ресурстары шекаралық яки аумақтық принцип бойынша бөлісуге келмейді. Осы қиын жағдайда жас әрі тәуелсіз мемлекеттер арасында кейбір келіспеушіліктер мен қайшылықтар туындады. Орталық Азия елдері арасында КСРО кезінен қалған бұрынғы қарыздар мен міндеттерді ешкім өз мойнына алғысы келмегендіктен, түрлі алауыздық пен таластар көбейді. Әуелі, Тоқтоғұл мен Әндіжан су қорлары Орталық Азия республикалары арасындағы халықаралық су қоймалары ретінде қабылданған. Дүниежүзілік банк берген мәліметке сәйкес Қазақстанда 1990 жылдары суару және су каналдарын салу үшін бөлінетін қаражат деңгейі 21 есе азайып кеткен.

Орталық Азия мемлекеттері су ресурстарын басқаруда өзіндік реформалар жасап, ұлттық идеологияларын жетілдіргендіктен, әркім тәсілдер мен стратегиялар туындады. Келіспеушіліктердің алғашқысы су қорларын иелену құқығына қатысты. Әрбір ел судың көп мөлшерін пайдаланғысы келгендіктен, ортақ келісімге келу де қиындап кетті. Болашақта су мәселесі Орталық Азия елдері өз тарапынан ортақ түрде бір шешімге келулері тиіс.

Орталық Азияның трансшекаралық өзендері төмендегідей: Сырдария және Амудария (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан), Шу мен Талас (Қазақстан, Қырғызстан), Тарым (Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай), Іле (Қазақстан және Қытай), Ертіс (Қытай, Қазақстан, Ресей), Орал, Есім, Тобыл (Қазақстан, Ресей).

Орталық Азияның су қорлары жеткілікті, тең және өз деңгейінде бөлінбеген. Тәжікстан мен Қырғызстан жоғары таулы аймақтарда орналас-

қандықтан басқа елдермен салыстырғанда мол су қорларына ие. Өзбекстан мен Қазақстанға келсек, теңіз деңгейімен салыстырғанда төменде орналасқан су тапшылығынан зардап шегіп келеді. Әсіресе, Өзбекстандағы Тәжікстан мен Қырғызстанның суды қадағалау саясатын жиі сынға алуда.

Аймақтың құрғақтығы осындай шиеленістердің асқынуына серпін береді. 2012 жылы өзбек көшбасшысы Ислам Кәрімов Астанадағы пікірінде, Орталық Азияда су мәселелері аймақтық қақтығыстар тудыра алатындай күрделі халықаралық мәселе деген болатын. Тәжікстан Орталық Азияның Вахш өзенінде Рогун су электрстанциясын салуды қолға алуда. Қырғызстан да өз кезегінде Нарын өзенінде Қамбарата су электрстанциясын салуды жоспарлауда. Экономикалық жағынан кедей елдер саналатын аталмыш екі мемлекет өздеріне тиесілі су мүмкіншіліктерін ең тиімді түрде пайдаланғысы келетіндігі түсінікті. Бірақ, бұл жағдайда Өзбекстан мен Қазақстанның суға деген қажеттіліктері есепке алынбағандығы, болашақта екі елдің

ауылшаруашылығы саласындағы жобаларға қауіп төндіруі мүмкін. Өзбекстан Тәжікстанның жоғарыдағы су ресурстарын қадағалайтындығын алға тарта отырып, осыған қатысты өз көзқарасын жиі тілге тиек етіп келеді. Бұл жағдай Өзбекстанның мақтаөнеркәсібіне кері әсер етуі мүмкін. Қырғызстанға келсек, өзінің электр қуатына деген қажеттілігін шешкісі келеді [10]. Қазір Өзбекстан, Түркіменстан мен Қазақстан шектеулі мөлшердегі су ресурстарын үнемдеуге мәжбүр болып отыр.

Таулы аймақта орналасқан елдер төменіректе орналасқан Өзбекстан мен Қазақстанның суға ең зәру жаз маусымында су ресурстарын қадағалап, өз қолында шоғырландыруда. Бұл жайт аймақта мүдделер қақтығысының бірі болып саналады. Расында, Орталық Азия мемлекеттері өзараларында алмаса алатын мүмкіндіктер турасында келісе алмауда. Мысалы, энергетикаға бай елдер мол су ресурстарына ие елдермен келісіп, мүмкіндіктерді бөлісе отырып қорларды бөлісе алары сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Елбасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 жарлығы – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары; Елбасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 жарлығы – Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама; 2007 жылғы 6 сәуір № 310 жарлығы – Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы; Елбасының 2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы.
- 2 Тоқаев Қ.К. Дипломатия Республики Казахстан. – Алматы. 2002.
- 3 Каримов И.А. Мировой финансово-экономический кризис, пути и меры по его преодолению в условиях Узбекистана. – Ташкент: Узбекистан, 2009.
- 4 Омаров Н.М. Государства Центральной Азии в эпоху глобализации: поиски стратегии развития. – Бишкек, 2008.
- 5 Бекутаев Б.А. Сотрудничество новых независимых государств Центральной Азии по обеспечению региональной безопасности. – Алматы, 2004.
- 6 Алдыңғы әдебиетті қараңыз.
- 7 Ahmet Davutoğlu. Stratejik Derinlik. 70. Baskı. İstanbul 2011. P. 4504.
- 8 V.A. KRIVILEV, F.S. PASHENNYKH AND O.A. SHILKINA Regional Problems of Ecology in the CIS / Problems of Economic Transition, vol. 47, no. 12, April 2005.
- 9 Алдыңғы әдебиетті қараңыз.
- 10 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы: <http://strategy2050.kz/news/5623>

References

- 1 Elbasynyn 2010 zhylygy 1 akpandagy № 922 zharlygy – Kazakstan Respublikasynyn 2020 zhylyga deiyngy Strategiyalyk damu zhospary; elbasynyn 2012 zhylygy Kazakstan halkyna zholdauly «Kazakstan – 2050» Strategiyasy.
- 2 Tokaev K.K. Diplomatya Respubliki Kazakstan. – Алматы. 2002.
- 3 Karimov I.A. Mirovoi finansovo-ekonomicheskiiy krizis, puti i mery po ego prodoleniuy v usloviyah Uzbekistana. – Tashkent: Uzbekistan, 2009.
- 4 Omarov N.M. Gosudarstva Central'noi Azii v epohu glabolizatsiy: poiskistrategii razvitiya. – Bishkek, 2008.
- 5 Bekutaev B.A. Sotrudnichestvo novyhnnezavisiviyh gosudarstv Central'noi Azi I po obespecheniuy regional'noi bezopasnoti. – Алматы, 2004.
- 6 Aldyngy adebietti karanyz.
- 7 Ahmet Davutoğlu. Stratejik Derinlik. 70. Baskı. İstanbul 2011. P. 4504.
- 8 V.A. Krivilev, F.S. Pashennykh and O.A. Shilkina Regional Problems of Ecology in the CIS / Problems of Economic Transition, vol. 47, no. 12, April 2005.
- 9 Sonda.
- 10 Kazakstan Respublikasy syrtkysayasatynyn 2014 – 2020 zhyldarga amalghan tyzhyrymdamasy: <http://strategy2050.kz/news/5623>